

Н. Д. Молдахметов, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: А. С. Әбдірова, кеден ісі кафедрасының аға
оқытушысы
(Қаржы полициясы академиясы)

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТУІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түрлі елдердегі, үкіметі белгілі ауданның немесе саланың дамуын шапшаңдатуға ұмтылған, экономикалық аймақтар еркін, арнайы, ерекше аймақтар немесе сыртқы сауда аймағы деп аталады. Жалпыға кеңінен таралған ұғым — бұл еркін экономикалық аймақ (ЕЭА).

Қазіргі уақытта ДСҰ енетін көптеген елдерде ЕЭА бар, ДСҰ мүше-елдер аумағында 50 жуық жеңілдетілген салық режимі істейді (АҚШ, Франция, Германия, Бельгия, Нидерланды).

Елбасы Н. Ә. Назарбаев 2012 жылғы Қазақстан халқына жолдауында «елдің болашағы экономикадағы келешегі зор салалардың дамуымен байланысты» екенін атап өтті¹. Осы мақсатта Қазақстанда арнайы экономикалық аймақтарды одан әрі дамыту өзекті болып табылады. Кеден одағы шеңберіндегі ЕЭА-да арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары үшін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Заңы, салық, кеден, жер заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында белгіленген арнайы құқықтық режим қолданылады. Кеден одағы аясында Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) құру, олардың қызмет етуі, дамуы және АЭА аумағында кедендік реттеумен байланысты мәселелерді құқықтық реттеу «Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кеден аумағы кедендік рәсім мәселелері бойынша Келісімнің» (бұдан әрі — Келісім), «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі № 469 Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі — Заң) ережелерімен анықталады.

Келісімнің негізгі міндеті — Кеден одағына мүше мемлекеттердің АЭА қызметін реттейтін заңнамасын, соның ішінде еркін кеден аймағы кедендік рәсімін қолдану ережелерін, біріздендіру болып табылады.

Қазақстанда 6 арнайы экономикалық аймақ ойдағыдай дамуға қол жеткізді, атап айтсақ: «Астана — жаңа қала», «Теңізпорт Ақтау», «Ақпараттық технологиялар паркі», «Оңтүстік», «Ұлттық индустриялық мұнай-химиялық технопарк», «Бурабай», сондай-ақ Астана және Қарағанды қалаларындағы 2 индустриялық аймақ.

2011 жылдың соңында Қазақстанда нақты салалық бағыттағы жаңа үш арнайы экономикалық аймақ құрылды. Қарағанды облысында металлургия және металл өндеуді дамытуға бағытталған «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы, Алматы облысында көлік-логистикалық әлеуетті дамытуға бағытталған «Қорғас — Шығыс Қақпалары» арнайы экономикалық аймағы, Павлодар облысында химия және мұнай-химиялық өнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы іске қосылды.

2012 жылы Қазақстан Үкіметі арнайы экономикалық аймақтарды дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастыратын болады, Елбасының тапсырмасына сәйкес, еліміздің барлық өңірінде индустриялық аймақтар құрылады. Нәтижесінде Қазақстанда жоғары сапалы өнімді

өндіретін бәсекеге қабілетті өндірістер қарқынды дамып, қосымша инвестициялар тартылады және жаңа технологиялар енгізіледі.

Жалпы, мамандардың болжамы бойынша, осылардың ішіндегі әлеуетті болуға мүмкіндігі бары — «Ақтау теңіз порты» мен «Астана — жаңа қала». Мемлекеттік бюджет есебінен инженерлік жұмыстар (электр желілері, суқұбырлары, кәріз құбырлары, жылумен қамту және т.б.) жүргізілуде. Яғни осы жағынан арнайы экономикалық аймағының дамуында мемлекеттің де рөлі зор².

Ал қорыта келгенде, аталған ауқымды жобаларды жүзеге асыруда кедергілер де орын алады. Арнайы экономикалық аймақтарды құру көбіне өз-өзін ақтайды. Өйткені үлкен көлемде жеңілдіктер ұсынылады. Өкінішке орай, бизнес сол жеңілдіктердің толықтай берілетініне көздері толық жетпей жатыр. Сондықтан да бұл бағытқа кәсіпкерлер аяқтарын байқап басуда. Сол секілді алдында мемлекет өз мойнына алған жауапкершілікті аяғына дейін атқармады. Олардың ішіндегі ең өзектісі — кәсіби білікті мамандардың аздығы және аймақ территориясындағы инфрақұрылымдардың жетілдірілмеуі. Түрлі деңгейдегі жиындарда осы инфрақұрылым мәселесін шешіп, одан кейін олардан қандай да бір нәтиже талап ету қажет. Президенттің Жолдауында осы мәселелер көрініс алып оларды шешу жолдары мен бағыттары, нақтылай айтқанда Қазақстандағы адам капиталының сапалы жағынан өсуі, қарастырылған.

Жаңа заңнамаға келетін болсақ, онда көптеген сілтеме нормалары бар.

Қазақстан жеріне инвестиция құю үшін кез-келген инвестор алдымен Қазақстанның заңнамасын түгелімен игеруге мәжбүр болады. Әлеуетті инвесторды басқа заңдарға сілтемей, оларға жеңілдетілген визалық режимді, тіркелудің анық тәртібін, аймақтың жұмыс істеу мерзімі ішінде өзгермейтін меншік құқығын, бюджетке төлейтін салықтық, кедендік және өзге де төлемдерін бастан анықтаса, бұл тиімдірек болар еді.

Қазіргі Заң бойынша «Арнайы экономикалық аймақ жиырма бес жылға дейінгі мерзімге құрылады» деп белгіленген, бірақ қолданыстағы заңнамалар мұндай мерзімдерді қарастырмайды, ал кейбір заңдарда осы анықталған мерзімнен екі есе аз мерзім белгілеген. Осыдан шығатын болсақ, болашағы қандай боларынан беймәлім қандай инвестор өз капиталын, еңбегін арнайы экономикалық аймақта өнеркәсіп кәсіпорынын құруға шығындауға келіседі, деген мәселе туындайды.

¹ Назарбаев Н. А. Социально-экономическая модернизация — главный вектор развития Казахстана: Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. 2012. 27 янв.

² «Қазақстан Республикасында инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қазандағы № 1145 Қаулысы.